

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу және метрология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 4 қыркүйектегі № 161-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу және метрология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі:

1) тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

4

қ ы р к ү й е к т е г і

№

1 6 1 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу және метрология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек

2.	Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын құру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек
3.	Саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпараттық орталық хабарламаларының нысанын, оларды толтыру және ұсыну ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек
4.	Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшыларға және өлшем құралдарын салыстырып тексерушілерге аттестаттау және қайта аттестаттау жүргізу және оларға қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек
5.	Сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру ережесін және оларды аттестаттау, оларға қойылатын біліктілік талаптарды бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек
6.	Нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды олармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек
7.	Өнімнің каталог парағының нысанын бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек
8.	Тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек
9.	Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебі және оларды мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталыққа беру туралы ережені бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек
10.	Әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен қызметтерге арналған әскери стандарттардан басқа ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы қыркүйек

